● *Есімі елдің есінде*

ДОҢ

Әзілхан НҰРШАЙЫҚОВ.

Бұл кітапты Кемел маркұм маған өз қолымен сыйлаған. Мұқабаның ішкі бетіне былай деп автограф жазыпты: *"Әзіханға—Әзіхан доска!*

Кемелден.
20.II.1959 ж.
Алматы".

Осылай деп, қолын қойыпты.

Оны оқығаннан кейін жүрегім лүпілдеп қоя берді. Қалай лүпілдемесін: әрі қыска, әрі нұска қолтаңбада Кемел маркұм менің атымды екі рет атапты. Ең бастысы мені өзіне дос санапты!

Ол кезде мен "Социалистік Қазақстан" газетінің Павлодар облысындағы меншікті тілшісі болатынмын. 1960 жылы Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан (қазіргі "Жазушы" баспасы) менің "Жомарт өлке" деген кезекті очерктер жинағым басылып шығатын боп жоспарға кірді. 1959 жылдың бас жағында сол кітаптың қолжазбасын алып, Алматыға келдім. Ол кезде Кемел Тоқаев "Социалистік Қазақстан" газетінің жауапты хатшысы болатын. Бір күні ол мені үйіне қонаққа ертіп апарды.

Сыртқы есіктен кірген бетте бізді орта бойлы, талдырмаш денелі, қара торы келіншек күлімдеп қарсы алды. Ол кісімен сәлемдесіп үлгіргенше ішкі жақтан жеті-сегіз жасар нәзік қыз бала мен бес-алты жасар балпанақтай ұл бала жүгіре шығып, екеуі екі жақтан әкелерінің мойнына асылды.

— Ал, енді, мен екеуіңді таныстырайын, — деді Кемел ас алдыға келіп, көңіл жайғасқаннан кейін. Содан кейін, алдымен менің аты-жөнімді атап:

— Біздің газеттің Павлодар облысындағы меншікті тілшісі, — деді.

— Естуіміз бар, — деп келіншек басын изеді.

— Бұл кісінің аты Тұрар, — деді енді ол келіншегін ығынан сипап.

— Тұрар?! — дедім мен таңданғандай пішінмен. Таңданатыным мынадай жылы жүзді, гүлдей майысқан келіншектің аты Айгүл, Асылгүл, Әсемгүл сияқты болар деп ойлаған едім. Олардың бірі болмай, Тұрар болып шыққанына таңдандым.

— Неге ойландың? — деді үй иесі бетіме қарап.

— Тұрар деген ұлдың да, қыздың да ортақ аты ғой. Балалары шетіней берген әке-шешенің үмітпен: "Осы баламыз тұрар, аман болар" дегенінен шыққан ат қой. Соны ойланып отырмын.

— Онын рас, — деді Кемел басын изеп.

— Осы кісінің атына біз бір буын қоссақ қайтеді, Кемел? — дедім мен үй иелерінің бетіне кезек қарап.

— Қандай?

— "Гүл" деген буынды қосып, Тұраргүл деп атасақ.

— Мен Тұрар деп атаймын. Сен Тұраргүл деп атайтын бол онда, — деді Кемел күліп.

— Сіз қарсы емессіз бе? — дедім мен Кемелдің келіншегіне қарап.

— Гүл болуға жарасақ, — деп жымиды әйел.

Кемел екеуіміз өткен туралы сөз қозғап, сұрапыл соғыс, түлкі құрсақ студенттік кезімізді айтыстық. Тұраргүл қазандық болмедегі шаруасымен айналысып, балалары теледидар көріп отырған бөлмеге де бас сұғып, ара-арасында біздің әңгімемізге де құлақ салып кетіп жүрді.

— Студент кезімде мен сені көрмеген сияқтымын, — дедім оған.

— Группамыз болек болды ғой: мен — журфакта, сен филфакта оқыдың. Сен онда Амантаймен бірге оқыдың ғой?

— Иә. Амантай, онын әйелі Нәзила бәріміз бірге оқыдық.

— Амантай Байтанаев менің мектепте бірге оқыған досым ғой. Ол екеуіміз соғыстың алдында Шымкентте орта мектепті қатар бітіргенбіз. Ол менен бір жас үлкен болғандықтан әскерге бұрын кетті. Мен 1942 жылы алындым.

— Қай майданда болдың?

— Сталинградтың өзінде соғыстық қой біз. Өзің сияқты сержант болдым.

— Қандай бөлімде?

— Алғашында атқыштар батальонының автоматчиктер ротасында едім. Сталинград шайқасының өзі екі этаптан тұрады ғой: 1942 жылдың июлінен ноябрьге дейін қорғаныс кезі болса, 18 ноябрьден 1943 жылдың 2 февралына дейін шабуыл шайқасы жүрді. Шабуыл қарсаңында 7-ші гвардиялық дербес танк полкы құрылды. Оған батальондардан таңдаулы автоматчиктер десант ретінде жіберілді. Солардың ішінде мен де барып, автоматчиктер отделениесінің командирі болдым.

— Мен зеңбірек сүйретіп жүрдім. Танкке міндіп көргенім жоқ.

— Бойға атына міндіп кордің бе?

— Иә. Озып та келгенмін.

— Мұнда да сондай: зымырап келе жатқан танк үстінде зулап келе жатқан ат арқасындағыдай әсерде боласың. Комбеде ауыздығымен алысып, қаз-қатар тізілип тұрған сәйгүліктерді "Қыю!" деп қарақшыдан қоя бергенде, абайсызда ат үстінен ауып қала жаздайтын сәтің болмаушы ма еді? Дәл сол сияқты болып, танк жүлқи жөнелгенде түткадан мықтап ұстап отырмасаң, сыпырылып қала жаздайсың. Танк тегіс жолмен зымырап келе жатқанда көзіңнен жас парлап, көк аспанда құстай ұшып келе жатқандай күйде боласын. Ол сәтте қорқу, өлу деген каперіне келмейді. Танктың тасасында автоматыңды алға кезеп жүгіріп келе жатқанда да асқар таудың аясында келе жатқандай жайда боласың. Танктен алыстап қалғанда ғана панасыз қалған жетімдей күй кешесің. Міне, танктың қасиеті осындай!

Кемел осыны айтып тоқтады да, қайтадан менің бетіме қарады.

— Соғыста өлген, бірақ өмір бойы ұмытпайтын жолдастарың болды ма? — деді содан соң.

— Болды ғой, Кемел.

— Кімдер еді?

— Маман Әлімбетов, Мырзаби Ерназаров, Әпеш (Әбдірахман) Бимұрзин, Айтқали Құсайынов, Баймолда Қанапиянов деген жігіттер еді.

— Оларды есте қалдыру үшін не істедің?

— Әлі ештеңе істегенім жоқ. Тек бірнешеуінің атын Жамбылға хатқа кіргіздім.

— Ол қандай хат?

— Соғыста жүргенде біздің әскери бригаданың атынан Жамбылға хат жазғанмын. "Атамыз Жамбыл ақынға" деген ол хатқа Жамбылдан "Жұз жасаған жүректен" деген жауап келген.

— Ол хат қайда, қашан басылып еді?

— 1943 жылы "Социалистік Қазақстан" газетінде басылған. Одан кейін Жамбылдың 100 жылдығына арналып шыққан қалың томына кірген.

— Сонда бар ма?

— Иә.

— Қазір, көрейік онда, — деп Кемел орнынан тұрып, сырт жағымыздағы қабырғада тұрған кітап шкафына қарай барды. Одан көп кешікпей Жамбылдың үлкен қалың кітабын алып келіп, екеуіміздің ортамызға қойып, ақтара бастады. Ол өлеңдерді тауып, ішінен оқи бастады.

— Жігіттердің ерлігін жақсы етіп жырлаған екенсің. Олардың аттарын Жәкең де өз өлеңіне қосыпты. Бұл — үлкен ескерткіш!

Осылай деп ол біздің хатқа қол қойған адамдардың есімін қайтадан қарап шықты.

— Капитан Шоріпов Қасым — осы күнгі біздің редакторымыз емес пе? — деді ол бетіме тесіле қарап.

— Иә, осы кісі — бұрын біздің бригадалық газетіміздің редакторы болған.

— Ал подполковник Бәйішев Сақтаған ше? Ғылым академиясының осы күнгі вице-президенті емес пе?

— Иә, сол кісі. Біздің 100-ші бригаданың әскери комиссары болған.

— Мұндай тарихи үлкен адамдармен бірге болған сен бақытты сержант екенсің. Оның үстіне Жамбылға хат жазыпсың.

Ол осылай деп қолымды қысты. Одан кейін ойланып отырды да, өзінің жауынгер жолдастары туралы айта бастады.

Павел Андреев, Олег Умнов, Николай Чирков, Жүніс Хакимов, Рақым Ибрагимов деген жауынгер жолдастары болған екен. Олар Сталинград шабуылы алдында қарамағына берілген автоматчиктер болса керек. Солардың әркайсысының ерлігі туралы тебірене отырып айтты. Әсіресе, Актобе облысының Қарабұтақ ауданының баласы Бимағамбет Сүлейменов деген досының атын аузынан тастамады. Оны бүкіл бөлімше құрметтеп Биеш деп атаған екен. Қасындағы жан жолдастарын сан рет өлімнен арашалап қалған сол Биеш Сталинград шайқасы шабуылы күндерінің бірінде оққа ұшыпты. Оның өлімін айтқан кезде Кемелдің көзіне молтілдеп жас үйірілді.

— Одан кейінгі тағы бір жан жолдасым Виктор Акимов деген уыздай жас бала жігіт еді. Бір кескілескен қатты ұрыста Акимов ауыр жараланды. Оны плащ-палаткаға орап, кейін қарай әкеле жатқанымызда "Жігіттер, бауырларым, қош болындар" деді үні әлсіреп шығып. Содан сәл жатты да, еріндерін қайта қозғап: "Мені мамам сағынатын болды-ау!" деп, жан тәсілімін берді. Оның осы соңғы сөті өмір бойы көз алдымда, "Мамам сағынатын болды-ау!" деген соңғы сөзі өмір бойы құлағымда келеді...

Осылай дегенде оның көзінен тағы да жас ыршып кетті. Содан кейін ернін жымырып, үнсіз отырып қалды.

Сол сәтте Тұраргүл тез орнынан тұрып:

— Қой, Кемеш, босама, — деп шашынан сипап, күйеуінің басын кеудесіне қысты.

Кемелдің жанының нәзіктігіне, дос дегенде ішкен асын жерге қоятын адалдығына және оның жан жарының күйеуіне деген жан тебірентерлік ілтипатына тәнті болып, менің де жүрегім елжіреп кетті. Қалтамнан орамалымды алып, аузымды сүртken болып, жасаурап кеткен екі көзімнің құйрығын күрғаттым. Кемел де кемсеңдеуін басып, былай деп әңгімесін аяқтады.

— Содан кейін, 1943 жылы мен де жараландым. Әр алуан госпитальдардың дәмін татып, әскерге жарамсыз болып елге қайттым. Сол жылдың күзінде Алматыға келіп, университетке оқуға түстім. Оны 1948 жылы бітіріп шықтым ғой баяғы.

— Достарың туралы жаңағы әңгіменді жаздың ба, Кемел?

— Жоқ, жазайын деп жүрмін.

Айтқанындай, Кемел ол әңгімесін естелік етіп жазды. Естелігі Амантай Байтанаев құрастырған әскери жинақтардың бірінде басылды. Онда достарының атындағы сол қалпында келтіргенімен, өзінің атын — Алмас, фамилиясын Балтаев деп көрсетіпті. Алмас — өзіне алған әдеби есімі болса, Балтай — Тоқайдың әкесінің аты, демек Кемелдің атасы ғой.

Таңертең тұрсақ, Тұраргүл шайды қайнатып, үстел жасап қойған екен. Үшеуміз әңгімелесе отырып, шайға кірістік.

Шай үстіндегі әңгіменің бір саласы кеңсе қызметі мен әдеби шығарма жазуды ұштастырудың қиыншылығы жайында болды. Кемел осы күнге дейін үш кітап шығарған екен. Тырнақ алдысы 1954 жылы жарияланған әңгімелер жинағы. Одан кейін "Қыс қарлығашы" деген повесі басылыпты. "Таскын" деген кітабы былтыр жарыққа шыкса керек. Ол кітапқа үш повесі кіріпті.

Ол кезде менің де үш кітабым шыққан. Бірақ, үшеуі де повесть, әңгіме емес, очерктер жинағы болатын. Сөз арасында мен өзімнің әлі очерктен үзай алмай жүргенімді айттым.

— Әңгіме, повесть жазуға әлі күнге дейін жүрексінемін, — дедім.

— Сен оған қапаланба, — деді Кемел. — Мен сенің очерктеріңді оқып жүрмін. Менің байқағаным: сенің очерк деп жариялап жүргендерің — повесть, суреттеме атайтындарың — әңгіме. Өмірдің өзінен алынған этюдтерін тартымды. Сен де повесть жазасың әлі. Ал сол повесть деп жазғандарың роман болып шығады. Осы сөзімді ұмытпа, — деп ығымнан қақты.

Осылай деп ол сәл үнсіз отырды да, сөзін қайтадан жалғады.

— Шығарма шығару үшін өмірді білу керек. Ал білген өмірді орнектеп, қағазға түсіру үшін уақыт керек. Өмір бойы газеттен қол үзбей келе жатырмыз ғой. Ал газеттің тапшы уақыты өзінен аспайды. Редакция аппаратында отырып кітап жазамын деу — өзіне зорлық, өміріне зорлық. Нағыз жазушы боламын деген адам журналистік шеңберден шығуы керек. Мен енді осыны ойлай бастадым. Өзекті туынды жазу үшін өнімді уақыт керек. Ол үшін атағы зор журналистік биік лауазымды уақыты мол кіші қызметке айырбастау абзал. Міне, сен облыстық газет редакторы деген көрнекті қызметті өз еркіңмен тастап, қатардағы қарапайым тілші болып кеттің. Енді сенің оқуға да, оилануға да, арғы-бергі тарихты кеңінен толғауына да, жазу тілінді газет стандартынан шығарып, нағыз орнекті сөздер мен сөйлемдердің өрімін жасауына уақытын бар. Қазір уақытқа байсың. Уақыт деген әрі мүмкіндік, әрі қазына ғой! Кітаптар шығардың, әлі де шығарасың. Осының жөн болды. Менің сені жақсы көретін бір себебім: жұрт жоғары қызметке ұмтылып жатқанда, сенің творчество үшін төмен қызметке отініп, озің кеткенің болды. Мен де сенің осы ісіңнен үлгі алсам ба деп жүрмін. Мен де, сен сияқты, ұлықтығы жоқ, уақыты көп қызметке ауыссам ба деп ойлаймын. Мына Тұраш екеуіміз бұл жайында ақылдасып та жүрміз.

Осылай деп тоқтап, Кемел әйеліне қарай мойын бұрды. Тұрар оған үнсіз бас изеді.

Кемел достың осы ойы рас болып шықты. Келесі жылы ол "Социалистік Қазақстан" газетіндегі жоғары лауазымды үлкен қызметін тастап, уақыты көп, жұмысы жайлы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі ведомстволарының бас редакторы болып ауысты. Сонда табан аудармастан он жеті жыл қызмет істеп, бірнеше белгілі кітаптар жазып, ойлаған ойын іске асырды. Қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының қошбасшысы деген ошпес лауазымға ие болды.

Шай ішіліп, әңгіме аяқталғаннан кейін, Кемел орнынан тұрып, шкафынан бір кітапты алып келді. Бетін ашып, ойлана отырып, жоғарыдағы маған арналған автографты жазды. Ол осы, қазір алдымда жатқан "Таскын" кітабы еді.

Кемел сыйлаған кітапты қолтығыма қысып, үстел басынан тұрдым. Кемел балалар бөлмесіне барып, ұйықтап жатқан екі баласын емірене иіскеп, беттерінен сүйді. Ол балалардың аттары Салтанат пен Қасымжомарт екен.

Кемел қазақтың: "Бұғы мойын, күлжа бас" дейтін жігіттерінің типіне жататын тортпақ, шымыр денелі еді. Жалпақ беттеу, қалың ерін, қой көз азамат болатын. Кере қарыс маңдайын аша, шашын шалқасынан қайыратын. Бірақ, орқашан қабағы түюлі жүретін. Соған қарағанда бір көрген кісі оны түсі суық адам ретінде қабылдауы мүмкін болатын. Қалың ернін сәл шұршите түсіп, жүзінен жылы шырай төгіліп, жайлап сөйлей бастағанда оның түсінің суықтығы мүлде білінбей кететін. Аяғын жай басып, ылғи сабырмен сөйлейтін, "Ақырын жүріп, анық бас, еңбегін кетпес далаға" деген Абай созін берік ұстанғандай корінетін.

Оның бойындағы адамгершілік қасиеттері айта қаларлықтай болатын. Ол достық пен жолдастықты биік бағалайтын. Жан жарына адал, балаларын жанындай жақсы коретін. Осылардың үстіне ол барып тұрған интернационалист еді. Ешқашан мақтануды білмейтін, ешкімді жамандап сөз сойлеп, мінеп мақала жазған емес.

Кемел қазақ жазушыларының ішінде оқырманы ен коп қаламгерлердің бірі болды. Озі таңдап алып, негізін қалаған детективтік жанрда алдына жан салған жоқ. Осы тақырыпта оннан аса кітап жариялап, чекистер омірінен алынып жазылған тандаулы шығармаларға республика бойынша жарияланған бірінші бәйгені төрт рет жеңіп алып, төрт рет лауреат болды. Қазақ жазушыларынан Кемелден баска мұндай атакка ие болған ешкім жоқ.

Оқырмандардың өтініші бойынша Кемелдің кейбір кітаптары үш-торт реттен қайталанып басылып отырды. Мәселен, оның "Комескі із" повесі 4 рет, "Қастандық" повесі 4 рет, ал "Арнаулы тапсырма" повесі 3 рет қайта басылып, оқырмандардың сүйікті шығармаларына айналды. Қазақстанда Кемел Тоқаевтан басқа туындылары осылай қайта-қайта басылып, көп тараған жазушы және жоқ. Солай бола тұрса да ол атақтымын деп асып-таспады. "Бетегеден биік, жусаннан аласа" дегендей, өзінің алпыс үш жылдық омірін онегелі етіп отқізді. Артына он бес шақты повесть, үш роман қалдырды. Ошпейтін із деген осы!

Кешегі Ұлы Отан соғысына қатысқан, Отанын шексіз сүйген қазақтың асыл азаматтарының бірі Кемел достың кітап бетінде қалдырып кеткен қолтаңбасынан осындай қыска хикая туды.

Вацлав Клаус – Чехия Республикасының президенті

Мамадияр ЖАҚЫП, "Егемен Қазақстан".

Чехияда ақыры президент сайлауы нәтижелі болды. Парламенттегі 142 депутат бұрын үкімет басшысы болған Вацлав Клаусты мемлекет басшысы етіп сайлауға дауыс берді. Бұл сайлау, сірә, чехтардың есінде ұзақ қалар. Міне, екі ай бойы парламент ел басшысын таңдай алмай, әлекке түсіп, енді ауыр жүкті арқасынан түсіргендей болып отыр.

Сайлау қорытындысы әртүрлі пікір қалдырады. Ең алдымен, билік басында айтарлықтай дағдарыс барлығы айқын. Дәл қазір елдің бағыт-бағдарын көрсетіп, оны сол бағытпен алға тартатындай саяси күш те, саяси қайраткер де даралана қоймағандай әсер қалдырады. Бұған Вацлав Клаустың өзі де мысал. Ол алғашқы екі сайлауға да қатысып, онда көпшілік дауыс ала алмаған еді. Мұндай жағдайда көп адам одан әрі бағын сынауға бармас та еді. Ал Клаус әліптің артын күтті. Бәрібір қазіргі кезде ұлттық деңгейде өзінен артық тұрған тұлғаның жоқтығын ол аңғарған.

Әрине, таңдаудың шектеулі болғаны жақсы емес. Ол қоғамға сын. Тіпті соңғы сайлауға таза саясаткерден Клаус қана қатысты. Ал оның қарсыласының бірі әнші, бірі көпшілікке онша таныс емес заң ғылымының өкілі болды. Мұның жетіскендік емес екенін чех қауымы да айтып отыр.

Чехияның ендігі жолы қандай болады деген сұрақ толығымен президенттік қызметке тіреліп тұрған жоқ. Сөйтсе де парламенттік республиканың омірінде президенттік лауазымның да өзіндік орны бар. Оны Гавел өз беделімен орнықтырып кетті. Сол орынға сайланған Клаус та елге танымал қайраткер. Депутаттардың шын мәнінде халықтың сүйіктісі саналатын Карел Готтка емес, Клауска сенім артуы әбден заңды. Ол елдің соңғы он бес жылдық отпелі кезеңінде оның өміріне барынша ықпал еткен қайраткер. Бұрынырақта Чехословакия федерациясы кезінде қаржы министрі, вице-премьер болған Клаус Чехия өз алдына отау тіккенде, оның алғашқы үкіметін басқарды. Ел экономикасының отпелі кезеңінде қалыпты дамуына ол шешуші үлес қосты.

Клаус затында бәтуашыл қайраткер. Сол бәтуашылдық социализмнен капитализмге айқайшусыз, түсініспек жолымен өтуге жағдай жасады. Осынау оншыл либерал социал-демократтар билікке келгенде де олармен тіл табысып, экономикалық реформаны ойдағыдай жүзеге асырысты.

Осы сайлауда да оның сол бәтуашылдығы көмектесті. Ол коммунистердің қолдауын корді. Ал олар парламенттегі орыннын бестен бірін иеленеді. Олардың пікірімен санасу елге түтқа болатын қайраткерге міндеттігі өз алдына, саяси күштердің арасындағы қайшылықты бәсеңдету де қоғам тұтастығына қызмет етеді.

Бүгін Вацлав Клаустың қызметіне кірісу рәсімі өтеді. Онсыз да бұл ел біраз уақыт президентсіз болды. Елдегі ішкі саясат әдетте үкіметтің құзырында. Сол ішкі саясаттың негізгі бағыттарын белгілеуге үлкен үлес қосқан Клаус одан сырт қала қоймас. Сыртқы саясатта Чехияның Европаға кірігуі — басты бағыт. Мұнда да жаңа президенттің қолтаңбасы бар.

Сеул мен Вашингтон бәрібір бір-бірінен кетіспейді

Әлемдегі Иракқа қарсы айқай-шудың тасасында біраз халықаралық оқиғаларға жеткілікті мән берілмеді. Сондай оқиғалардың бірі Оңтүстік Кореядағы президент сайлауы еді. Оны біреу естіп, біреу естімеді. Ал шын мәнінде бұл Шығыс Азиядағы бір тұтқалы мемлекеттегі билік тізгінінің ауысуы ғана емес, осы аймақтағы қарым-қатынасқа әсер ететін саяси оқиға болатын.

"Жаңа мыңжылдықтағы демократиялық партия" деп аталатын реформистік бағыттағы партияның өкілі Но Му Хеннің жеңісі оңай болған жоқ. Ол оппозициядағы консервативтік партияның косемі Ли Хве Чханнан 1,5 пайыз ғана дауысты коп жинады. Жалпы жұртшылық осынау елдегі дәстүрлі саясаттан өзгешелеу пікірі бар қайраткердің жеңісіне таңданыспен қарағанын да айтқан жөн болар.

Сайлау қарсаңындағы насихатқа қарағанда, ол Солтүстік Кореямен жақындасуды мықтап жақтады. Бұл мәселеде АҚШ-тың көзқарасын біле тұрып, Вашингтонның КХДР-ді "зұлымдық діңгегіне" қосатынына қарамай, Но Му Хен Сеулдің Пхеньянмен тіл табысуды максат ететінін, озінің бұған дейінгі Солтүстік Кореямен жасасқан келісімдеріне адал болатынын талай рет мәлімдеді. Ал Солтүстік Корея оз көзқарасын басқаша корсетті. Коршілеріндегі сайлау науқанын жіті қадағалап отырған және ондағы саяси күштердің ара салмағын аңғарып отырған Пхеньян Корея Республикасындағы сайлау қарсаңында, дәлірек айтқанда оған тура бір күн қалғанда өздерінің АҚШ-тың жүргізіп отырған саясатымен келіспейтіндігін білдіріп, Ядролық қаруды таратпау шартынан (ЯҚТШ) шығатынын мәлімледі. Сірә, бұл Но Му Хенге 1,5 пайыз ғана емес, одан әлдеқайда коп дауыс әкелді деп тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Мұндай окиға жаңа президенттің қызметіне кірісу рәсімі қарсаңында да болды. Салтанат өтетін күнге қараған түнде Солтүстік Корея кемелерге қарсы зымырандар ұшырып, сынақтан өткізді. Ол енді тым алыска ұшпаса да, осындай қарулардың барлығын, қажет болған жағдайда оны пайдалана алатынын корсеткен. Бұл да пормеңді насихат.

Президенттің қызметіне кірісу салтанатына АҚШ мемлекеттік хатшысы Колин Пауэлл де қатысып, екі ел арасындағы одақтық қарым-қатынастың мызғымайтынына тоқталды. Жұрт коп сөз өтіп жатқан АҚШ-қа қарсы пікірлерге онша мән бермегендей ынғай танытты. Тіпті Пхеньянның зымыран ұшырғанын коңілге алатындай да, таңданатындай да оқиға емес деп сипаттады. Қайта өз еліпін КХДР-ға азық-түлік жіберуді жалғастыратынын мәлімдеді.

Сонда шын мәнінде Оңтүстік Корея мен АҚШ арасындағы одаққа сызат түсіп отыр ма? Жаңа президенттің алдағы саясаты сол одақты әлсірете ме? Олай деп тұжырым жасауға ешқандай негіз жоқ. Ең алдымен бұл одақ Сеулге керек. Тек жай саясат үшін емес, экономикасын қалыпты дамыту үшін керек. Ал одан Оңтүстік Корея да, оның басшысы да бас тарта алмайды.

Сайлау кезіндегі АҚШ-тың атына айтылған сын ше? Оны да АҚШ-қа қарсылық деп тұжырымдау артықтау. Солтүстік Кореяға қатты қатал шара қолдануға Вашингтон бармауы керек деген пікір АҚШ-тың саясатын айыптаудан бұрын Оңтүстік Кореяның мүддесін қорғағандық. Ең алдымен Солтүстік Кореяның күйзелген халқына комек беру ортақ міндет. Оны Оңтүстік Кореяның күшімен ғана жүзеге асыру мүмкін емес. Сонымен қатар екіге бөлінген бір халықтың қайта қосылуы алдағы ұлы максат болып отырғанда Солтүстік Кореяға бүйрек бұру заңдылық. Ол — бүкіл халықтың қалауы, арман-мүддесі.

Тағы бір айрықша ескеретін жай: сайлау науқанының өз заны бар. Бұл жерде әсіресе тактикалық қадамдар айрықша маңызды. Соны Но Му Хен өте шеберлікпен пайдаланды. Осы кезде Оңтүстік Кореяда орналасқан АҚШ әскерінің екі қәріс қызын өздерінің коліктерімен басып кеткен екі солдатын соттың ақтағаны бұл елде үлкен наразылық тудырған еді. Сол наразылықты жаңа президент те қолдап, американдық әскерилерді айыптаған. Бұл сайлаушыларға ұнады. Сол үшін үміткерге біраз даусын берді.

Жеке бір мәселелерде пікір алшақтығы бола жатар. Өзекті мәселелерде, тағдырлық мәселелерде АҚШ пен Корея Республикасының арасында қазіргі заманда кең мағынада пікір алшақтығы болмайтыны заңдылық, қажеттілік. Бұл заңдылықты, қажеттілікті жаңа президент Но Му Хен коп адамнан жақсы біледі.

"ҚазМұнайГаз" сауда үйі" ЖШС "Өзенмұнайгаз" ААҚ қажеті үшін мына материалдарды мемлекеттік сатып алу бойынша конкурс болмады деп танылғаны туралы хабарлайды:
1. "Диссолван" деэмульгаторы (№ 77/1 лот);
2. "Рауан 100" балауыз қалдығын кетіргіш (№ 78/2 лот);
3. "ЭТН-ИПГ-12" парафин қалдығынын ингибиторы (№ 79/3 лот);
4. "Додиксейл" түз қалдығынын ингибиторы (№ 80/4 лот);
5. "Родакаут RP 80" тот ингибиторы (№ 81/5 лот);
6. Арнайы аяқ киім (№ 74 лот).

"ҚазМұнайГаз" сауда үйі" ЖШС "Ембімұнайгаз" ААҚ қажеті үшін мына материалдарды мемлекеттік сатып алу бойынша конкурс болмады деп танылғаны туралы хабарлайды:
1. Сепарол WR-41 деэмульгаторы (№ 2 лот);
2. RP-6474 деэмульгаторы (№ 3 лот);
3. F-929 деэмульгаторы (№ 4 лот);
4. Диссолван V-4908, Диссолван V-4397, "Додикор" тот ингибиторы (№ 5 лот);
5. Резервуарлар (№ 25/1 лот).

"Батыс Қазақстан БЭК-і" ААҚ мыналарды 2003 жылға арнап мемлекеттік сатып алу бойынша қайталап ашық конкурс өткізетіні туралы хабарлайды.
- "МИК-РЛ-11" радиореле стансасының жабдықтары
- "Уктус-ТМ" телемеханика жүйесінің жабдықтары

Тауарлардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері, жеткізілім мерзімі мен орны конкурстық құжаттаманың шарттарына сәйкес.

Конкурска "Мемлекеттік сатып алулар туралы" ҚР Заңының 8-бабының 1-тармағында көрсетілген біліктілік талаптарына сай келетін барлық ықтимал жеткізіп берушілер жіберіледі. Конкурстық құжаттама пакетін 2003 жылғы 1 сәуірді қоса есептегенде сағат 15.00-ге дейінгі мерзімде жұмыс уақытында ықтимал жеткізіп берушілер конкурстық құжаттама үшін төлегені туралы құжатты көрсеткен соң мына мекен-жайдан алуына болады: Орал қ., Еуразия д-лы, 181, №11 бөлме. Конкурстық құжаттама пакетінің құны 520 теңгені құрайды және "Бат.Қаз.БЭК-і" бухгалтериясына өткізіледі.

Конкурска қатысудың конкурстық өтінімдерін ықтимал жеткізіп берушілер конвертке салып "Бат.Қаз.БЭК-і" ААҚ-қа мына мекен-жайға ұсынады: Орал қ., Еуразия д-лы, 181, №11 бөлме.

Конкурстық өтінімдерді берудің ақырғы мерзімі 2003 жылғы 2 сәуірдегі сағат 13.00-ге дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2003 жылғы 2 сәуірде сағат 15.00-де мына мекен-жайда ашылады: Орал қ., Еуразия д-лы, 181, №404 бөлме. Ықтимал жеткізіп берушілер конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашқан кезде қатысуына болады.

Қосымша ақпаратты мына телефондар арқылы алуға болады:
8(311-22) 4-92-55, 4-75-00.

"Батыс Қазақстан БЭК-і" ААҚ электр энергиясын есептеу және бақылау аспаптарын 2003 жылға арнап мемлекеттік сатып алу бойынша қайталап ашық конкурс өткізетіні туралы хабарлайды.

Тауарлардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері, жеткізілім мерзімі мен орны конкурстық құжаттаманың шарттарына сәйкес.

Конкурска "Мемлекеттік сатып алулар туралы" ҚР Заңының 8-бабының 1-тармағында көрсетілген біліктілік талаптарына сай келетін барлық ықтимал жеткізіп берушілер жіберіледі. Конкурстық құжаттама пакетін 2003 жылғы 31 наурызды қоса есептегенде сағат 15.00-ге дейінгі мерзімде жұмыс уақытында ықтимал жеткізіп берушілер конкурстық құжаттама үшін төлегені туралы құжатты көрсеткен соң мына мекен-жайдан алуына болады: Орал қ., Еуразия д-лы, 181, №11 бөлме. Конкурстық құжаттама пакетінің құны 425 теңгені құрайды және "Бат.Қаз.БЭК-і" бухгалтериясына өткізіледі.

Конкурска қатысудың конкурстық өтінімдерін ықтимал жеткізіп берушілер конвертке салып "Бат.Қаз.БЭК-і" ААҚ-қа мына мекен-жайға ұсынады: Орал қ., Еуразия д-лы, 181, №11 бөлме.

Конкурстық өтінімдерді берудің ақырғы мерзімі 2003 жылғы 1 сәуірдегі сағат 13.00-ге дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2003 жылғы 1 сәуірде сағат 15.00-де мына мекен-жайда ашылады: Орал қ., Еуразия д-лы, 181, №404 бөлме. Ықтимал жеткізіп берушілер конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашқан кезде қатысуына болады.

Қосымша ақпаратты мына телефондар арқылы алуға болады:
8(311-22) 4-92-55, 4-75-00.

"ҚазТрансГаз Дистрибьюши" ЖАҚ 2003 жылғы 28 ақпанда өткізілген ашық конкурстың мына лоттар бойынша қорытындыларын хабарлайды:
- №1 лот — конкурс болмады деп танылды. Конкурстық құжаттаманың өзгеруін ескере отырып, 2003 жылғы 27 наурызға қайталап конкурс жарияланды;
- №2 лот — Тараз қаласында офистік тұрақжайларды жөндеу — жеңімпаз деп мәлімделген сомасы **10 864 582** (он миллион сегіз жүз алпыс төрт мың бес жүз сексен екі) теңге Алматы қ., Фурманов к-сі, 42 мекен-жайындағы **"Нефтегазстройсервис" ЖШС** танылды;
- №3 лот — "Toyota Camry" автомәшинесі — жеңімпаз деп мәлімделген сомасы **5 125 500** (бес миллион жүз жиырма бес мың бес жүз) теңге Алматы қ., Ташкент к-сі, 505 мекен-жайындағы **"Toyota Tsusho Butya" ЖАҚ** танылды.

Конкурстық қамтамасыз ету үшін ықтимал жеткізіп берушілер төлеген сома қатысушылардың жазбаша өтініші бойынша есепшоттарға аудару арқылы қайтарылатын болады.

Қосымша ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады: 8 (3272) 59-71-57.

"Қазақстан Халық Банкі" ААҚ Ақтөбе қаласында жалпы алаңы 3000 м² Банк ғимаратының жаңа құрылысына тендер жариялайды.

Тендер 2003 жылғы 24 наурызда сағат 15.00-де Алматы қ., Розыбакиев к-сі, 97 мекен-жайында банктің бүйірдегі ғимаратында болады. Тендерлік құжаттардың құны 10 000 теңге (ұтылған жағдайда сома қайтарылмайды). Тендерлік құжаттарды тендерлік комиссиядан алуға болады. Тел. 8 (3272) 46-42-66.

"Павлодар металл құрылғылар зауыты" ЖАҚ кредиторларға "Павлодар металл құрылғылар зауыты" ЖШС болып қайта құрылғандығы және акциялардың бірінші эмиссиясының күші жойылғандығы туралы хабарлайды.

"Сити-Отель" ЖШС кәсіпорын директорының қызметіне конкурстық негізде қабылдайды.
Негізгі талаптар:
— жоғары білім;
— басшылық қызметте мамандығы бойынша 8 жылдан кем емес жұмыс өтілі;
— мүмкіндігінше мемлекеттік және ағылшын тілдерін білу.
Түйіндемеңізді мұнда жіберіңіз: факс 14-82-73, 14-82-74; e-mail bonitad@mail.kz

"Коммонвелт энд Британ Сервисис Лимитед" мұнайгаз компаниясының филиалына мына мамандар қажет: аталған салада жұмыс тәжірибесі бар өндіріс жөніндегі аға вице-президент пен құқықтық және әкімшілік мәселелер жөніндегі вице-президент. Факс: 8 (3272) 582 584.

Алматы қ., Шәріпов к-сі, 90 мекен-жайындағы "Агромашхолдинг" ашық акционерлік қоғамы кредиторларға мүлік сатып алу жөнінде ірі мәміле жасалатындығы туралы хабарлайды. Ірі мәмілені жасауды бекіту туралы акционерлердің жалпы жиналысының бірауызды шешімі 2003 жылғы 3 наурызда қабылданды. 01.01.2003 жылға жекеменшік капиталдың молшері 116671929 теңге құрайды.

ВНИМАНИЕ, ПОПРАВКА!
В объявлении "Администратор судов г.Алматы" опубликованном в газете "Егемен Казахстан" от 25 февраля 2003 года вместо "вторые торги" во втором абзаце следует читать: "третьи торги" (голландский метод).